14 **Pinar Tugche Tokmak.** Ebru Sanatında Duzgunman Ekolu: Ebruzen Ismail Dundar [Duzgunman School in Ebru Art: Ebruzen Ismail Dundar] [Text]. // Istanbul Aydin Universitesi Guzel Sanatlар Fakultesi Dergisi. – 2017. – № 5. – P. 47–57.

Материал 24.05.23 баспаға тұсті.

\**A. Б. Сералиев<sup>1</sup>, К. Д. Каймудинова<sup>2</sup>, Э. С. Майшекина<sup>3</sup>, М. Б. Бактыбеков<sup>4</sup>*

<sup>1,2</sup>Казахский национальный университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>3,4</sup>Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 24.05.23.

## РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТНО-ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ПОДРОСТКОВ НА ОСНОВЕ МЕТОДОВ АРТ-ТЕХНОЛОГИИ

*В статье анализируются преимущества арт-технологий в самопознании подростков. Описывается роль арт-технологии в развитии и становлении творческого, образованного, конкурентоспособного поколения. В ходе исследования был сделан акцент на формирование личности с приоритетным направлением в творческом развитии. С целью развития творческих способностей подростков приводятся различные позиции и аргументы. Излагается значение арт-технологий в процессе обучения.*

*В разделе опыта представлены результаты экспериментальной работы. Статья также дополнена данными об арт-терапии, применяемой для изучения и стабилизации «негативного» поведения, с которым сталкиваются подростки. Посредством арт-технологий подросток полностью передает свои мысли с помощью сочетания красок и воплощает свое безграничное воображение на бумаге. Это искусство помогает снять различные психологические нагрузки на подростка, а также снять эмоциональную тревогу его души.*

*Развитие безграничного воображения способствует повышению интеллектуального мышления подростка, развивая его творческие способности.*

*Благодаря творчеству подросток снижает свою зависимость от «интернета», взяв под контроль свое поведение. В ходе исследования были представлены сведения об искусстве Эбру, как средстве арт-технологии, на основе которых был разработан процесс развития и повышения творческих способностей подростка. В результате исследований предлагается широкое применение арт-технологий в воспитании подростков и образовательных процессах.*

*Ключевые слова:* Творчество, арт-терапия, эбур, агорафобия, ксенофобия, дисморфофобия, суицид.

\*A. B. Serliyev<sup>1</sup>, K. D. Kaimuldinova<sup>2</sup>, E. S. Maishekina<sup>3</sup>, M. B. Baktybekov<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>3,4</sup>Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Material received on 24.05.23.

## DEVELOPMENT OF PERSONAL AND CREATIVE ABILITIES OF ADOLESCENTS ON THE BASIS OF ART TECHNOLOGY METHODS

The article analyzes the advantages of art technologies in the self-knowledge of adolescents. The role of art technology is described in the development and formation of a creative, educated, competitive generation. In the course of the study, emphasis was placed on the formation of a personality with a priority direction in creative development. In order to develop the creative abilities of adolescents, various positions and arguments are also given. The significance of art technologies is outlined in the learning process.

The experiments section presents the results of the experimental work. The article is also supplemented with data on art therapy used to study and stabilize the «negative» behavior faced by adolescents. Through art technologies, a teenager fully conveys his thoughts with the help of a combination of colors and embodies his boundless imagination on paper. This art helps to remove various psychological burdens on a teenager, as well as relieve the emotional anxiety of his soul. The development of boundless imagination helps to increase the intellectual thinking of a teenager, developing his creative abilities.

Regarding to creativity, a teenager reduces his dependence on the «Internet» by taking control of his behavior. In the course of the study, information was presented about the art of «Ebru», as a means of art technology, on the basis of which the process of developing and enhancing develop the creative abilities of a teenager. As a result of the research, a wide application of art technologies are proposed in the upbringing of adolescents and educational processes.

Keywords: creativity, art therapy, ebru, agoraphobia, xenophobia, dysmorphophobia, suicide.

МРНТИ 81.93.29

<https://doi.org/10.48081/JUKB4198>

\*М. Серік<sup>1</sup>, Д. Ш. Тлеумагамбетова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Үлтткы университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

e-mail: \*serik\_meruerts@mail.ru

## «АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК» КУРСЫ БОЙЫНША КЕЙБІР СҰРАҚТАРДЫ ОҚЫТУФА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР

Бұгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен Интернеттің қарқынды дамуына байланысты, қауіпсіздік шараларының жетілдірілуіне қарамастан ақпараттарға тәнген қауіп-қатерлердің мүмкіндігі күшиеуде. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін жетілдіру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ал, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін шешудің бірден-бір жослы ол ақпаратты шифрлеу. Шифрлеу қогамымыздың қызмет етуінде маңызды рол атқарады. Мысалы, бұгінгі таңда милиондалған адамдар күн сайын онлайн сатып алу процесіне, web-сайттар мен электронды пошта, WhatsApp хабар алмасу қосынышына жүргінеді. Ондагы қолданылатын төлем картасы туралы ақпарат желіде кез-келген уақытта үрлануы мүмкін. Сондықтан осы процесстің іске асырылуын түсіну үшін шифрлеудің негізгі мәселелерін білу маңызды болып табылады. Мақалада шифрлеу жүйесінің негізгі жузеге асырылу мәселесін түсіну үшін Цезарь әдісі мен Python программалау ортасында Fernet кітапханасының комегімен мәтінді шифрлеу(десифрлеу) мысалы қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты – мәтінді шифрлеу мәселелері бойынша білім алушылардың базалық білімін қалыптастыру. Мақалада қарастырылған мысалдар болашақ информатика мұғалімдерінің шифрлеу мәселелері бойынша теориялық білімдерін және практикалық дадыларын қалыптастыруға, сонымен қатар алдағы уақытта машиналық оқытуда ақпараттық қауіпсіздіктің мүмкіндіктерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: ақпараттық қауіпсіздік, шифрлеу, десифрлеу, fernet кітапханасы, Цезарь әдісі.

**Кіріспе**

Белгілі бір құндылықты білдіретін ақпарат қорғауға жатады. Ақпараттың құндылығын анықтау кезінде өзектілігі, бұл ақпараттың иесіне қажеттілігі, жоғалған жағдайда қалпына келтіру сияқты мәселелер маңызды болып табылады.

Ақпаратты қорғау деп ақпараттық қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті құралдар мен әдістерді қолдануды айтамыз [1]. Электронды-есептеуіш машиналардың хроноологиясы сияқты ақпараттың қауіпсіздігінің даму жүйесін бірнеше кезенге бөлуге болады [2]:

1 деңгей – 1816 жылға дейінгі кезең. Бұл кезең ақпараттық коммуникацияның табиғи құралдарын пайдаланумен сипатталады.

2 деңгей – 1816 ж.ж.– 1935 ж.ж. дейінгі кезең. Бұл кезең электр және радиобайланыс құралдарының пайда болуымен пара пар. Радиобайланыстың кедеріден қорғалуын қамтамасыз ету үшін хабарламаны (сигналды) шуылға төзімді кодтауды пайдаланумен байланысты.

3 кезең. – 1935 ж.ж. – 1946 ж.ж. дейінгі кезең. Радиолокациялық және гидроакустикалық құралдардың пайда болуымен байланысты. Мұндағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі жағдайы техникалық құралдарды пайдаланумен байланысты.

4 кезең – 1946 ж.ж. – 1965 ж.ж. Электронды-есептеуіш машиналардың пайда болуымен байланысты. Ақпараттық қауіпсіздікті негізгі мәселелері ақпаратты өндөу құралдарына қол жетімділікі шектеумен байланысты болды.

5 кезең – 1965 ж.ж. – 1973 ж.ж. Жергілікті желілердің пайда болуымен байланысты. Бұл кезенде ақпараттық қауіпсіздікті негізгі мәселелері ақпаратты өндөу құралдарына қол жетімділікі шектеумен байланысты болды.

6 кезең – 1973 ж.ж. – 1985 ж.ж. мобиЛЬДІ коммуникациялық құралдардың пайда болуымен байланысты. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жаңа критерийлер қажет болды. Осы мақсатта қауіпсіздік қамтамасыз ететін ережелер, стандарттар, ақпараттық құқық пайда болды.

7 кезең – 1985 ж.ж. қазіргі кезге дейін. Ауқымды ақпараттық-коммуникациялық желілердің пайда болуымен байланысты. Мұндағы негізгі мәселелерді шешу үшін ақпараттық қауіпсіздіктің макрожүйелерін құру қажеттілігі туындаиды.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін көптеген Отандық және шетелдік ғалымдар өздерінің зерттеу жұмыстарында қарастырған. Атап айтқанда, М. Бакиев (Ақпараттық қауіпсіздік негіздері),

Актаева А. У. (Ақпараттық қауіпсіздік және қорғау), Устинова Л. В. (Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау), Жумагулова С. К. (Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау), Алмухамбетов С. С. (Кәсіптік оқытуда ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау технологиясы), Сәрсенбек М. Б. (Корпоративтік желілердегі ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау тәсілдерін талдау), Акимбеков Е. Т. (Кәсіпорынның ақпараттық қауіпсіздігін үйімдастырудың физикалық қағидалары) және т.б.

G. Shaoyun «The practice of the college students' network security quality education» мақаласында ақпараттық қауіпсіздікті оқыту режимі, желінің құры қадамдарды қарастырылған [3], ал R.Randhir-н «Use of social media for improving student engagement at université des mascares» мақаласында әлеуметтік желілердің артықшылықтары, мәселелері, сонымен қатар оны білім беру жүйесіндегі қолдану мүмкіндіктері сипатталған [4].

Қазіргі уақытта ақпаратты қорғау үшін криптология әдістері кеңінен қолданылады. Криптология криптография мен криптоанализ мәселелерін қамтиды.

Оқу процесінде теориялық материалмен қатар практикалық тапсырмалардың қандай ортада жүзеге асыру маңызды болып табылады. Оқу ортасы ретінде Excel, Mathcad, Matlab, Python және басқа бағдарламалар орталарын пайдалануға болады. Бұл мақалада біз MS Excel және Python орталарында криптографиялық есептерді шешуді ұсынамыз.

**Зерттеу әдістері**

Болашақ информатика мұғалімдерін даярлау барысында ақпараттық технологиялардың күн сайын дамуына байланысты білім беру бағдарламасы жыл сайын жаңа шарттылып отыратыны барлығынызға айқын. Сол сияқты ақпараттық қауіпсіздік бойынша ондағы қарастырылатын мәселелер жыл сайын жаңа шарттылып отырады. Соңықтан ақпараттық қауіпсіздік бойынша заман талабына сай машиналық оқытудағы, бүлттық технологияларда, аппаратуралардың соңғы нұктесіндегі ақпараттық қауіпсіздігі қарастырылады.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «5B011100 – Информатика», «6B01511 – Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру мазмұнында ақпараттық қауіпсіздікке байланысты арнайы пән ендірілген. Ал, біздің негізгі мақсатымыз – заманауи техника мен технологияларға байланысты ақпараттық қауіпсіздік бойынша білім алушылардың білімін жетілдіру.

Зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің бірі – ақпараттық қауіпсіздік саласында қолданылатын криптографияның негізгі сұрақтарын қарастырумен байланысты.

Себебі ақпараттық қауіпсіздікке тоқталу барысында ең алдымен криптографияның мәселелері қарастырылады. Криптография мәселелерін қарастыру барысында Цезарь шифры, матрицалы шифр, Виженер шифры сияқты сұраптар қарастырылса, заманауи талаптарға сай гомоморфты шифрлеу қарастырылады.

Гомоморфты шифрлау дегеніміз – пайдаланушыларға шифрланған мәліметтерді алдымен шифрын шешпей-ақ есептеулерді орындауға мүмкіндік беретін шифрлау түрі [5]. Гомоморфты шифрлаудың мынадай түрлерін қарастырайық [6]:

Ішінара гомоморфты шифрлау қосу немесе көбейту сияқты қақпанаң тек бір түрінен тұратын схемаларды бағалауды қолдайтын схемаларды қамтиды.

Жартылай гомоморфты шифрлау схемалары қақпалардың екі түрін бағалай алады, бірақ тек тізбектердің ішкі жиыны үшін.

Қабатты толық гомоморфты шифрлау шектеулі (алдын ала анықталған) терендіктегі қақпалардың бірнеше түрінен тұратын ерікті схемаларды бағалауды қолдайды.

Толық гомоморфты шифрлау (FHE) шексіз терендіктегі қақпалардың бірнеше түрінен тұратын ерікті схемаларды бағалауға мүмкіндік береді және гомоморфты шифрлаудың ең күшті түсінігі болып табылады.

### Талқылау

Ең алдымен Цезарь шифрлеуін MS Excel ортасында жүзеге асырылуын қарастырайық [7].

MS Excel ортасында келесі мәліметтерді енгізейік:

A1 үшішінде кілт орнатайық, оның мәні 3-ке тең.

B1: L1 диапазонына «ИНФОРМАТИКА» сөзін енгізейік.

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L
1	3 И	Н	Ф	О	Р	М	А	Т	И	К	А	
2												
3												
4												
5												
6												

Сурет 1 – Кілт тағайындау

B2 үшішінде КОДСИМВ() формуласын енгіземіз. Аргументы функции терезесін ашамыз да, енгізу жолына B1-мәнін енгіземіз. Нәтижесінде B2 үшішінде 200-ге тең «И» код символы пайда болады. B2 үшішінде мазмұнын C2: L2: диапазонына көшіреміз.

A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M
1	3 И	Н	Ф	О	Р	М	А	Т	И	К	А	
2	200	205	212	206	208	204	192	210	200	202	192	
3												
4												
5												

Сурет 2 – Шифрлеу нәтижесі

«Я» символының кодын анықтайық, себебі ол орыс алфавитіндегі соңғы әріп болып табылады. Ол үшін M1 үшішінде «Я» символын енгізейік. M2 үшішінде B2 үшішінде мазмұнын көшіреміз. Я символының коды пайда болады.

Орыс алфавитінің әріп санын анықтаймыз, яғни 223-191=32. «А» әріп 192-191=1, «В» әріп 193-191=2 тағы сол сияқты «Я» әріп 223-191=32 тен болады.

Цезарь әдісімен алынатын шифрометінді B3: L3 диапазонына енгізейік. Ол үшін B3 үшішінде =СИМВ(B2+3) енгіземіз. Нәтижесінде 3-ші суреттегідей нәтижеге қол жеткіземіз.

A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	
1	3 И	Н	Ф	О	Р	М	А	Т	И	К	А	
2	200	205	212	206	208	204	192	210	200	202	192	
3	Л	Р	Ч	С	Ү	П	Г	Х	Л	Н	Г	
4												
5												
6												

Сурет 3 – Шифрометін

Нәтижесінде ЛРЧСУПГХЛНГ шифрометін алынды.

Алынған шифрометін бойынша ағымдық мәтінді анықтайық, яғни алынған шифрометтінің криптоталдауын жүргізейік.

Ол үшін ағымдық мәтін ретінде шифрометінді қолданылып, 29 кілтін қолдану қажет, себебі -3 mod 32=29.

B4 үшішінде =КОДСИМВ(B3) формуласын енгізейік те барлық диапазон бойынша көшіріп шығайық.

A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	
1	3 И	Н	Ф	О	Р	М	А	Т	И	К	А	
2	200	205	212	206	208	204	192	210	200	202	192	
3	Л	Р	Ч	С	Ү	П	Г	Х	Л	Н	Г	
4	203	208	215	209	211	207	195	213	203	205	195	
5												
6												

Сурет 4 – Криптоталдау нәтижесі

B5 ұяшығына келесі формуланы енгізейік: =СИМВОЛ(B4+\$A\$5). Нәтижесінде 5-ші суреттегідей ағымдық мәтінге қол жеткіземіз.

A	Б	С	Д	Е	Ғ	Ж	Ҳ	І	Ҙ	Қ	А	Л
1	3 И	Н	Ф	О	Р	М	А	Т	И	К	А	
2	200	205	212	206	208	204	192	210	200	202	192	
3	Л	Р	Ч	С	Ү	П	Г	Х	Л	Н	Г	
4	203	208	215	209	211	207	195	213	203	205	195	
5	-3 И	Н	Ф	О	Р	М	А	Т	И	К	А	
6												

Сурет 5 – Ағымдық мәтінді алу

Енді осы мәтіннің шифрлеуін Python программалаштырып ортасында жүзеге асырайық.

Python программалаштырып ортасында мәтінді шифрлеу үшін fernet кітапханасы қолданылады.

Fernet кітапханасы – криптографияның аутентификациялық симметриясын («құпия» кілт қомегімен) жүзеге асырады.

Криптографиялық пакеттің fernet модулінде кілтті генерациялау, ашық мәтінді шифрлау және дешифрлау үшін кірістірілген функциялар бар. Fernet модулі шифрланған деректерді кілтсіз өңдеуге немесе окуға болмайтындығына кепілдік береді [8].

Fernet модулінде мынадай әдістер қолданылады:

gener\_key(): Бұл әдіс жаңа fernet кілтін жасайды. Кілтті қауіпсіз сақтау керек, өйткені ол шифрлық мәтінді шешудің ең маңызды құрамадас болып табылады. Егер кілт жоғалса, пайдаланушы хабарламаның шифрын аша алмайды. Сондай-ақ, хакер кілтке қол жеткізсе, олар деректерді оқып қана қоймай, жалған деректерді жасай алады.

encrypt(data): Ол әдіске параметр ретінде берілген деректерді шифрлайды. Бұл шифрлаудың нәтижесі «Fernet таңбалашуышы» ретінде белгілі. Ол негізінен шифрленген мәтін болып табылады.

Модульдің параметрлері:

data (bytes) – Шифрланатын ашық мәтін [9].

decrypt(token,ttl=None): Бұл әдіс әдіске параметр ретінде жіберілген Fernet байттарын шешеді. Дешифрлеу нәтижесінде бастапқы ашық мәтін алынады.

Параметрлері

token (bytes) – шифромәтінді дешифрлейді;

ttl (int) – Таңдау бойынша шифрды шешу әдісінде екінші параметр ретінде бүтін сан берілуі мүмкін. ttl байттың жарамдылық мерзімін билдіреді.

Криптографиялық модульді қолданбас бұрын оны 7-ші суреттегідей Командалық жолдың қомегімен орнатып аламыз.

```
Microsoft Windows [Version 10.0.22621.1105]
(c) Корпорация Майкрософт (Microsoft Corporation). Все права защищены.

C:\Users\Админ>pip install cryptography
Collecting cryptography
  Downloading cryptography-39.0.0-cp36abi3-win_amd64.whl (2.5 MB)
Requirement already satisfied: cffi>=1.12 in c:\users\админ\appdata\local\programs\python\python311\lib\site-packages (from cryptography) (1.18.1)
Requirement already satisfied: pycparser in c:\users\админ\appdata\local\programs\python\python311\lib\site-packages (from cryptography) (2.21)
Installing collected packages: cryptography
Successfully installed cryptography-39.0.0

C:\Users\Админ>
```

Сурет 7 – Cryptography пакетін орнату

Клавиатура арқылы енгізілген мәтінді шифрлеудің програмmasын қарастырайық [10].

```
// шифрлеу модулін іске қосу
from cryptography.fernet import Fernet
// клавиатура арқылы мәтінді енгізу
str1 = input()
// кілт генерациялау
key = Fernet.generate_key()
// генерацияланған кілтті шифрлеуге тағайындау
fernet = Fernet(key)
// мәтінді шифрлеу
enctex = fernet.encrypt(str1.encode())
// шифромәтінді дешифрлеу
dectex = fernet.decrypt(enctex).decode()
// нәтижесін экранға шығару
print('Bastapky jol: «, str1)
print('Shifrlengen matin: «, enctex)
print('Deshifrlengen matin: «, dectex)
```

Қарастырылған мысалдардың қомегімен «Ақпараттық қауіпсіздік» курсы бойынша мәтінді шифрлеу мәселелерін жылдам, әрі оңай қарастырудық. Мұндағы мысалдар мәтінді шифрлеу ғана емес, сонымен қатар көрі шифрлеу(дешифрлеу) мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, мәтінді шифрлеу барысындағы кілттің маңыздылығына тоқталдық. Бұл мәселелер алдағы уақытта қарастырылатын сұраптардың бірі машиналық оқытудағы ақпараттық қауіпсіздікті жетік түсінуге мүмкіндік береді. Жоғарыда қарастырылған мәселелер білім алушылардың теориялық

және практикалық дағдыларын жетілдіре отырып, ақпараттық қауіпсіздік бойынша базалық білімін қалыптастырады.

### **Көрітінды**

Қарастырылып отырған мақалада Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «5B011100 – Информатика», «6B01511 – Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының білім алушыларына «Ақпараттық қауіпсіздік» курсы бойынша криптография элементтері қарастырылған. Мұндағы негізгі мәселе білім алушылардың шифрлеу бойынша базалық білімдерін қалыптастыру болып табылады. Ол үшін MS Excel ортасында Цезарь әдісі көмегімен мәтінді шифрлеу және дешифрлеу, сонымен қатар Python программалаштыру ортасында fernet кітапханасы көмегімен мәтінді шифрлеу(десифрлеу) мысалы қарастырылды. Бұл мәселелер алдағы уақытта Python программалаштыру ортасында машиналық оқытудағы ақпараттық қауіпсіздікті жетік менгеруге негіз болады.

### **ПАЙДАЛАНГАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**

**1 Малюк, А. А.** Информационная безопасность : концептуальные и методологические основы защиты информации. – М. : ГЛТ, 2016. – 280 с.

**2 Либкинд, А. С.** «Информационная безопасность – история проблемы и ее решение. – М., 2009. – 20 с.

**3 Shaoyun, G.** «The practice of the college students' network security quality education» // Recent Developments in Mechatronics and Intelligent Robotics. – 2018. – P. 110–114.

**4 Randhir, R.** «Use of social media for improving student engagement at université des mascareignes» // Information Systems Design and Intelligent Applications. – 2019. – P. 11–20.

**5 Варновский, Н. П., Шокуров, А. В.** Гомоморфное шифрование. – 2007. – 27–36 с.

**6 Рябко, Б. Я.** Криптографические методы защиты информации. – М. : ГЛТ, 2013. – 229 с.

**7 Барanova, Е. К.** Криптографические методы защиты информации. – М. : КноРус, 2018. – 288 с.

**8 Златопольский, Д. М.** Основы программирования на языке Python. – М. : ДМК Пресс, 2017. – 284 с.

**9 Любанович, Б.** Простой Python. Современный стиль программирования. – СПб. : Питер, 2016. – 480 с.

**10 Воган, Л.** «Непрактичный» Python : занимательные проекты для тех, кто хочет поумнеть. – СПб. : БХВ-Петербург, 2021. – 464 с.

### **REFERENCES**

- 1 **Malyuk, A. A.** Informacionnaya bezopasnost': konceptual'nye i metodologicheskie osnovy zashchity informacii. – Moscow : GLT, 2016. – 280 p.
- 2 **Libkind, A. S.** «Informacionnaya bezopasnost' – istoriya problemy i ee reshenie. – Moscow, 2009. – 20 p.
- 3 **Shaoyun, G.** «The practice of the college students' network security quality education» // Recent Developments in Mechatronics and Intelligent Robotics. – 2018. – P. 110–114.
- 4 **Randhir, R.** «Use of social media for improving student engagement at université des mascareignes» // Information Systems Design and Intelligent Applications. – 2019. – P. 11–20.
- 5 **Varnovskij, N. P., SHokurov, A. V.** Gomomorfnoe shifrovanie. – 2007. – 27–36 p.
- 6 **Ryabko, B. Ya.** Kriptograficheskie metody zashchity informacii. – Moscow : GLT, 2013. – 229 p.
- 7 **Baranova, E. K.** Kriptograficheskie metody zashchity informacii – Moscow : KnoRus, 2018. – 288 p.
- 8 **Zlatopol'skij, D. M.** Osnovy programmirovaniya na yazyke Python. – Moscow : DMK Press, 2017. – 284 p.
- 9 **Lyubanovich, B.** Prostoj Python. Sovremennyj stil' programmirovaniya. – St. Peterburg : Piter, 2016. – 480 p.
- 10 **Vogan, L.** «Nepraktichnyj» Python: zanimatel'nye proekty dlya tekhnologii, kto hotet poumnet'. – St. Peterburg : BHV-Peterburg, 2021. – 464 p.

Материал 24.05.23 баспаға түсті.

\*M. Серик<sup>1</sup>, Д. Ш. Тлеумагамбетова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Евразийский университет имени Л. Н. Гумилева,  
Республика Казахстан, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 24.05.23.

### **МЕТОДИЧЕСКИЕ УКАЗАНИЯ ПО ПРЕПОДАВАНИЮ НЕКОТОРЫХ ВОПРОСОВ ПО КУРСУ «ИНФОРМАЦИОННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ»**

*Сегодня в связи с бурным развитием информационных и коммуникационных технологий и сети Интернет, несмотря на совершенствование мер безопасности, возрастает возможность*

угроз информации. Поэтому повышение информационной безопасности является одним из важнейших вопросов. И один из способов решить проблемы информационной безопасности – шифрование. Шифрование играет важную роль в функционировании нашего общества. Например, сегодня миллионы людей ежедневно используют процесс онлайн-покупок, веб-сайты и электронную почту, приложение для обмена сообщениями WhatsApp. Информация платежной карты, используемая в нем, может быть украдена в любое время в Интернете. Поэтому для понимания реализации этого процесса важно знать основы шифрования. В статье приводится пример шифрования (десифрования) текста с использованием метода Цезаря и библиотеки Fernet в среде программирования Python, чтобы понять основную проблему реализации системы шифрования. Основная цель статьи – сформировать у учащихся базовые знания о шифровании данных. Рассмотренные в статье примеры позволяют сформировать теоретические знания и практические навыки будущих учителей информатики по вопросам шифрования, а также в будущем изучить возможности информационной безопасности в машинном обучении.

**Ключевые слова:** информационная безопасность, шифрование, десифрование, библиотека fernet, метод Цезаря.

\*M. Serik<sup>1</sup>, D. Sh. Tleumagambetova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Material received on 24.05.23.

## GUIDELINES FOR TEACHING SOME QUESTIONS ON THE COURSE «INFORMATION SECURITY»

Today, due to the rapid development of information and communication technologies and the Internet, despite the improvement of security measures, the possibility of information threats is increasing. Therefore, improving information security is one of the most important issues. And one of the ways to solve information security problems is encryption. Encryption plays an important role in the functioning of our society. For example, today, millions of people use the online shopping process, websites and email, the messaging app WhatsApp on a daily basis. The payment card information used in it can be stolen at any time on the Internet. Therefore,

to understand the implementation of this process, it is important to know the basics of encryption. The article provides an example of encrypting (decrypting) text using the Caesar method and the Fernet library in the Python programming environment in order to understand the main problem of implementing an encryption system. The main purpose of the article is to form students' basic knowledge about data encryption. The examples considered in the article make it possible to form theoretical knowledge and practical skills of future computer science teachers on encryption issues, as well as to explore the possibilities of information security in machine learning in the future.

**Keywords:** information security, encryption, decryption, fernet library, Caesar's method.

**\*К. Түгелбаева<sup>1</sup>, Г. Э. Қаптағай<sup>2</sup>, Л. С. Байқадамова<sup>3</sup>,  
М. Жексенбі<sup>4</sup>, А. Алдабергенова<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4,5</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

e-mail: \*G\_tugelbaeva@mail.ru

## **АСТРОНОМИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ**

*Мақалада астрономияны оқытуда жетілдірілген мүмкіндіктегі бар мультимедиалық технологиялар мен бағдарламаларды пайдалана отырып, гарыш кеңістігінің интерактивті визуализациясын құрудың проблемалық мәселелері қарастырылған. Аспан деңелерін зерделеу кезінде кеңістікте обьектілермен жұмыс істеуге тұра келетіндіктен, уш олшемді ойлауды белсендерді, яғни уш олшемді модельге ойша түрлендерді талап ететіндігі белгілі. Осыған байланысты, мультимедиалық технологияларды пайдалана отырып, астрономиялық құбылыстардың ерекшеліктерін визуализациялауга және оларды компьютерлік модельдер арқылы уш олшемді кеңістікте зерттеуге мүмкіндік беретін зертханалық практикум құру қажеттілігі туындалады.*

*Танымал интерактивті онлайн қосымшалардың мүмкіндіктерін бағалау арқылы Solar System Scope, Google Sky, Sky Safari, Speaking Image және т.б. талдау жүргізіліп, оларды қолданудың тиімділігі түжісірімдалды.*

*Мақалада мультимедиалық технологиялардың әдістерін пайдалана отырып, планеталардың қозғалысы мен конфигурациясының заңдылықтары, олардың Күнге қатысты орналасуы мен салыстырмалы олшемдері зерттелді. Авторлар, «Жұлдызды аспанның жылжымалы картасы», «Күн мен Айдың тұтылуы», «Тасу және қайту», «Планеталар жүйесінің моделі» сияқты визуалды зертханалық жұмыстарды ұсынады. «Планеталар жүйесінің моделі» визуалды зертханалық жұмысын орындаған кезде берілген теориялық мәліметтерге сүйеніп, модельде орналасқан формула мен калькулятор комегімен Кеплердің үшінші заңының*

*орындалуын дәлелдеуге болады. Осылайша, мақалада астрономиялық құбылыстарды зерделеудегі қазақ тілінде интерактивті визуализация әдістері сипатталған.*

*Кілтті сөздер: мультимедиалық технологиялар, галамишарлар, шырақтар, визуализация, цифрлық білім беру.*

### **Kіріспе**

Қазіргі ақпараттандыру ғасырында цифрлық білім беру мәселесі заманауи оқытудың ғылыми бағыты ретінде қалыптасып келеді. Кәсіптік білім беру мен оқыту үшін цифрлық білім беру үрдісін құру қажеттілігін тудыратын және цифрлық қоғамның қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар келесі тенденциялар негізінде сипатталады: цифрлық экономиканың дамуы және соған байланысты жас кадрларға қойылатын жаңа талаптардың қойылуы; цифрлық ортаны қалыптастыратын жаңа цифрлық мультимедиалық технологиялардың түрлері, ерекшеліктері мен оның дамуы; сандық үрпақ, яғни ерекше әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары бар білім алушылардың жаңа буыны (жогары оқу орындарының докторанттары, магистранттары, студенттері, мектеп оқушылары т.б.).

Сандық экономиканың дамуына байланысты, құнделікті өмір сүру салтына да терен өзгерістер пайда болды. Расында да, қазіргі таңда өмір сүру салты қоғамдық-өндірістік, жеке-дамытушылық бағыттарда барған сайын кешенді түрде салыстырмалы міндеттерді дәйекті жүзеге асыруға бағытталған «жобалық-бағдарларға» айналуда [1]. Цифрлық («озық», «ақылды», «SMART») технологиялар қазіргі жағдайда ақпараттық технологияның даму кезеңінің негізгі ядросына айналып отыр және жақын болашақта өзінің басымдық рөлін сактап қалатыны сөзсіз [2]. Соңықтан, көсібі қызметтің кез-келген заманауи саласында цифрлық технологиялардың орны мен рөлін түсіну маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

### **Материалдар және зерттеу әдістері**

Қазіргі таңда, мобильді технологиялар үздіксіз даму үстінде және біздің құнделікті өмірімізге жылдам, әрі қарқынды түрде нықтап енуде. Бірде-бір адамды компьютерсіз және үялы телефонсыз елестету мүмкін емес. Бұл құнделікті өмірдеға емес, қоғамның барлық салаларында, соның ішінде білім беруде де көрініс табуда.

МобиЛЬДІ оқыту дегеніміз – пәнаралық және модульдік тәсілдердің педагогикалық негізіндегі арналы бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып, уақыт пен білім алушылардың орнына тәуелсіз мобиЛЬДІ құрылғылар арқылы электронды оқыту [3]. Сонымен қатар, мобиЛЬДІ оқыту – бұл жаңа ақпараттық икемді, қол жетімді, жеке оқытуды колдайтын

технологиялардың арқасында құрылған білім беру өдісі болып табылады. Қазіргі кезеңде мобиЛЬДІ технологиялардың көмегімен бүкіл әлемдегі балаларды, жастар мен ересектерді дамыту үшін сапалы білім беруге көмектесе алатын бірден бір құралға айналып отырғанын атап өткен жөн. МобиЛЬДІ қосымшалар білімнің барлық салаларын қамтиды және олар әртүрлі ғылымдарды менгеруге көмектесе алады. Эрине, бағдарлама университеттегі толық сабактарды немесе курсты алмастырмайды, бірақ бұл не еkenін түсінуге және негізгі білім алуға көмектеседі [4]. МобиЛЬДІ оқыту түжірымдамасы жаңа емес, бірақ жетілдірілген мүмкіндіктері бар жаңа қосымшалар мен бағдарламалар қызығушылық деңгейінің есуіне, соның ішінде **астрономияны** визуализациялау арқылы оқытуда білім алушылардың арасында дүниетанымдылығын арттыруға әсерін тигізетін тиімді өдістері қарастырылды [5]. МобиЛЬДІ қосымшалар пайдалану мақсатына қарай, жұмыс ерекшеліктері мен түріне, монетизациясы бойынша жіктеледі. **Монетизация** – бұл жасалған сандық мазмұнға ақша табу процесі. Бұл мақалалар, бейнелер немесе подкасттар түрінде болуы мүмкін. Монетизация түрі бойынша мобиЛЬДІ қосымшалар былайша жіктеледі: *Free-tegіn* – кейбір қосымшаларды ақысыз пайдалану мүмкіндігі бар қосымшалар; *Paid-ақылы* – жүктеу кезінде төлем төлеу арқылы ақылы түрде кейбір қосымша мүмкіндіктерді сатып алу мүмкіндігі. Оку үрдісінде тек тегін қосымшаларды қолданған жөн, сондыктан болашақта тегін және қазақша бағдарламаларды ойлап табу қажеттігі туындауда. Орыс интерфейсі бар астрономияға арналған мобиЛЬДІ қосымшалар көптеп кездеседі. Мұндай қосымшаларды пайдалану процесін ынғайлы және акпаратқа қол жетімді етеді. Сонымен қатар, кейбір қосымшаларда ағылшын интерфейсімен болады (*Cosmology, Astromomy* және т.б.), оларды қолдану ағылшын тілін қаншалықты менгеруіне байланысты қызығылттар тудыруы мүмкін. Оларды түсіну үшін шет тілін жақсы білуді талап етеді. Кейбір ағылшын тіліндегі қосымшалардың орыс тіліндегі варианттары да пайда болды. Мысалы, танымал *Sky Safari* қосымшасында қазір орыс интерфейсі бар.

*Sky Safari* қосымшасын пайдалану арқылы аспан шырактарын өлемнің кез-келген нұктесінен кеңейтілген шындық режимінде зерттеуге мүмкіндік береді. Аспан денелерінің сипаттамасының мұндай үлкен базасы қызығушылық тудыратын объект туралы көбірек білуге мүмкіндік береді, сонымен қатар NASA аппараттары түсірген астрономиялық фотосуреттерді зерттеуге жағдай жасайды. Бұл қосымшаның танымалдығы білім алушылардың практикалық қызметіне тікелей байланысты, олардың ерекше қызығушылығын тудырады. Эрине, кешкі бақылаулар мен телескоппен тікелей жұмыс жасаудың орны бөлек. Сондыктан қазіргі уақытта мұғалімге

мобиЛЬДІ қосымшалар көмекке келеді. Әр түрлі мобиЛЬДІ бағдарламаларды пайдалану аспан денелерін нақты бақылауға көмектеседі. 1-суретте *Sky Safari* бағдарламасы көлтірілген. Экрандағы суретті және жұлдызды аспанның көрінісін салыстыра отырып, шоқжұлдыздар, жұлдыздар, планеталар, спутниктер, жұлдыздар кластерлері, тұманды галактикалар туралы негізгі мағлұматтарды білуге болады.



Сурет 1 – *Sky Safari* бағдарламасы

МобиЛЬДІ қосымшалардың ішінде *Android* үшін жасалған астрономиялық бағдарламалардың мысалын қолдана отырып, олардың қасиеттеріне байланысты былайша жіктеуге болады:

- жұлдызды аспанның виртуалды карталары (*Star Map, Star Chart, Star Walk 2 Free* және т. б.);
- виртуалды планетарийлер (*SkySafari, Stellarium Mobile Free* және т. б.);
- жұлдызды атластар (*Star Walk* – жұлдызды аспан атласы және Астрономия; *Solar Walk Lite* – ғарыш атласы планеталар мен спутниктер; Жұлдызды атлас, обсерваториялар. Балаларға арналған оқыту қосымшалары (*ғарыш ойны: планеталар, сәбілдерге арналған жұлдыздар; Planetarium, orbit-гравитациямен ойнау* және т. б.)). және ғаламды ойын түрінде интерактивті зерттеуге мүмкіндік береді.

Астрономияға арналған мобиЛЬДІ қосымшалардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- аспан денелерін және біздің ғаламның картасын зерттеуге мүмкіндік беретін астрономиялық бағдарламалар (*SkySafari, Stellarium Mobile Free, Star Map, Star Chart* және т. б.);
- әнциклопедиялық типтегі бағдарламалар-құрамында галактикалардың көптеген нысандары туралы ақпарат беретін бағдарламалар жатады. Астрономияға арналған кейбір мобиЛЬДІ қосымшалар 2-суретте көлтірілген.



Сурет 2 – Астрономияга арналған кейбір мобиЛЬДІ қосымшалар

Білім беру орындарында астрономияны оқытудың сапасын жақсартуға көмектесетін акппараттық ресурстардың келесі түрі жұлдызды аспанның көрінісін суреттейтін бағдарламалар. Бұл бағыттағы ең сәтті бағдарламаның бірі – «Solar System Scope» және Google Sky (3-сурет) Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың айналуын көрнекі түрде көрсетуге, кез-келген уақытта жұлдызды аспанды көруге мүмкіндік береді. Оны колданудың тиімділігі сол, бұл бағдарламаны компьютерге немесе ноутбукке орнатудың қажеті жоқ. Барлығын онлайн-режимде карауға болады, бұл білім алушыларға өздерін қызықтыратын барлық ақппаратты үйде қарауға мүмкіндік береді.



Сурет 3 – Solar System Scope және Google Sky бағдарламалары

Жұлдызды аспанның фотосуреттері және оптикалық және рентген диапазонындағы қуатты телескоптар түсірген кейбір құбылыстардың сипаттамалары Google Sky танымдық сайт арқылы көруге болады. Бұл сайтта фотосуреттерден басқа, әр құбылыстың сипаттамалары және барлық ақппараттары орыс тілінде ұсынылған [6].

Астрономияны оқытуда Google Play-де виртуалды планетарийлердің Android көмегімен мұғалімге планетарийге «экскурсия жасауга» мүмкіндік береді. Ол бойынша, күн сәулеінде жұлдыздар мен планеталарды нақты уақытта көруге, сол сияқты, әлемнің арғы жағындағы аспанды көруге мүмкіндік береді (бұл Sky Map, AstroPanel Astronomy сияқты қосымшалар)

астрономиялық бақылаулар жасауға мүмкіндік береді. Білім алушы Хаббл фарыштық телескопы әлемінде «*«kīru»* арқылы фарыш орталығына «*«bara aladы»*», телескоптың көптеген фарыштық суреттерін көре алады, соңғы жаңалықтарды оки алады және Хаббл фарыштық телескопы туралы кейбір қызықты фактілерді біле алады [7]. МобиЛЬДІ қосымшалар астрономия бойынша кейбір практикалық есептерді шешуге көмектеседі. Мысалы, *Planet Droid* көмегімен: Күннің шығуы, батуы және жоғарғы шарықтау уақыты, шығу және Бату нүктелерінің азимуттары, тік көтерілу және түсү, эклиптикалық координаттар және астрономиялық бірліктердегі қашықтық, Азимут және объектінің биіктігі, тендеу уақыт, сағат бұрышы және Жұлдыз уақыты, көрінетін диаметрін, көрінетін жұлдыздық шамасын, ал Күн мен планеталар үшін – эфемеридтер және тағы басқаларды есептеуге мүмкіндік береді. *Solar Info* қосымшасы күн туралы ақппарат береді, Күннің жыл бойына қозғалысы мен орналасуы, кейде біз мұлдем түсінбейтін құбылыстарды түсінуді жеңілдетеді [8].

### Нәтижелер мен талқылау

Астрономия курсын оқытуда «Жұлдызды аспанның жылжымалы картасын», «Күн мен Айдың тұтылуын», «Күн жүйесіне енетін планеталардың» қозғалыс заңдылықтары мен конфигурацияларын визуализациялау, планеталардың өзара орналасуы мен олардың Күнге қатысты размерлерін салыстырмалы түрде зерттеу үйрену үшін мультимедиалық технология әдістерін пайдалану жолдары көрсетілді. Flash-технологиялардың көмегімен Web анимацияларды, интерактивті пішіндерді, презентацияларды, астрономиялық объектілердің модельдерін және т.б. жасау жолдары қарастырылды [9, 10].

Педагогикалық университеттің астрономия курсы аспан сферасы, горизонталь және экваторлық координаталар, жұлдыздардың төуіліктік қозғалысы туралы негізгі ұғымдарды менгеруден басталады. Бұл тақырыптарды қарастыру кезінде олар әдетте мыналарды пайдаланады: аспан сферасының моделі, күн жүйесінің планеталарының моделі, жұлдызды аспанның демонстрациялық жылжымалы картасы, жер шары, жұлдызды аспан глобусы, т.б. [11, 12]. Бұл тақырыптар көптеген бақыланатын астрономиялық құбылыстар мен заңдылықтарды зерделеуде және түсіндіруде өте маңызды. Бұл материалдың оқып-үйрену әдістемесі өте жақсы дамығанмен, білім алушылар үшін оны қабылдау қын болып қалады. Оның себебі тек көрнекіліктің болмауы немесе материалды көрнекі түрде көрсетудің кындығы ғана емес, оку материалын түсіндіру кезінде үш өлшемді объектілермен жұмыс істеуге тұра келеді. Аспан денелерінің сыйбалары үш өлшемді ойлауды белсендіруді, оқушының

дәптерінен немесе тақтанаң екі өлшемді жазықтығынан үш өлшемді модельге ойша түрлендіруді талап етеді. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай психикалық өзгерістер білім алушылардың түсінуін қыннадады. Осындағы астрономиялық құбылыстардың ерекшеліктерін Flash-технологиялары арқылы визуализациялау, үш өлшемді кеңістікте [13, 14, 15] компьютерлік модельдер көмегімен зерттеуге мүмкіндік беретін қазак тілінде зертханалық практикум жасалды (4-сурет).



Сурет 4

«Бастау» бастырмасын басу арқылы зертханалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулығын ашамыз. Зертханалық жұмыстардың басталу кезеңі (5-сурет) келтірілген. Тізімде көрсетілген жұмыстардың реті бойынша қажетті жұмыстың таңдал алынады.




Сурет 5 – Зертханалық жұмыстардың басталу кезеңі

Мысалы, «**Планеталар жүйесінің моделі**» зертханалық жұмысты бастау кезеңінде Күн жүйесіне енетін ғаламшарлар туралы теориялық мағлұматтарды көрсетілуден бастау алады (6-сурет).



Сурет 6 – «Күн жүйесі планеталарының моделі» – әдістемелік нұсқаулығы

Келесі 7-суретте Adobe Flash технологиялары арқылы ғарыш кеңістігіндегі Күн жүйесінің планеталарының моделі ұсынылған.



Сурет 7 – Ғарыш кеңістігіндегі Күн жүйесінің планеталарының моделі

«**Планета таңдау**» командасы арқылы кез келген планетаны таңдауға болады. 8-суретте Меркурий планетасын таңдау арқылы оның негізгі

астрофизикалық сипаттамаларын, ішкі құрылымы мен химиялық құрамын көруге болады. Күнге ең жақын планета Меркурий гректің «Сауда құдайының» күрметіне аталған. Күнді айналу кезеңі шамамен – 88 тәулік.



Сурет 8 – Меркурий туралы негізгі мәліметтер


Осылайша, кезекпен басқа планеталардың астрофизикалық сипаттамаларын бір-бірлеп зерттеуге болады. Модельде орналасқан калькулятордың көмегімен есептеу арқылы ғаламшарлардың сипаттамасынан қажетті мағлұматтарды пайдаланып, Кеплердің үшінші заңының (1) орындалатынын дәлелдеуге болады.

$$\frac{T_2^2}{T_1^2} = \frac{a_2^3}{a_1^3}. \quad (1)$$

мұндағы  $T_1$  және  $T_2$  – планеталардың жұлдыздық периодтары;

$a_1$  – және  $a_2$  – планеталардың радиус векторлары.

9-суретте «Жұлдызды аспанның жылжымалы картасы» зертханалық жұмысын визуализациялау кезеңдері көрсетілген.



Сурет 9 – Жұлдызды аспанның жылжымалы картасы

Баспамен картаны жылжыта отырып, нұсқаулықта келтірілген кестелерді рет-ретімен толтыру арқылы білім алушылар аспан шырактарының орны, жарқырауы, батуы мен тузы, олардың кульминациясы туралы толық мағлұматтарды менгереді.

### Корытынды

Мультимедиалық технологиялар – қазіргі білім берудің негізгі прогрессивті құралы ретінде, оку процесінің сапасын жаксартуға арналған астрономиялық құбылыстарды зерделеу саласындағы проблемалық міндет түрғысында пайдаланылды. Интернеттегі интерактивті танымал Solar System Scope, Google Sky, Sky Safari, Speaking Image, т. б. бағдарламалармен жұмыс істеу ерекшеліктері қарастырылып, бағаланды.

Мультимедиалық-технологиялардың көмегімен үш өлшемді кеңістіктеге компьютерлік моделдер арқылы зерттеуге мүмкіндік беретін қазақ тілінде зертханалық практикум жасалды. «Планеталар жүйесінің модель», «Жұлдызды аспанның жылжымалы картасы» зертханалық жұмыстарына жасалған модель бойынша, білім алушылардың түйсік сезімдерін (кору, есту т.т.) толық байланыстыру арқылы, мазмұнды модификацияланған визуализациялау негізінде теориялық материалды ұтымды қабылдау мүмкіндіктері көрсетілді. Кеплер зандарының орындалуы тиімді зерттеліп, аспан шырактарының орнын, кульминацияларын, батуы т.б. координаталарын анықтау әдістері қарастырылды. Сонымен қатар, Күн мен Айдын тұтылуы, тасу және қайту құбылыстары көрнекі түрде визуализацияланды. Астрономияны оқытуға арналған заманауи мультмедиалық технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың дербестігін дамыту, білім деңгейін толықтыру және дүниетанымдық қызығушылықтарын арттыруға бағытталған әдістемелік даму жолдары көрсетілді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Биленко, П. Н., Блинов, В. И., Дулинов, М. В., Есенина, Е. Ю., Кондаков, А. М., Сергеев, И. С. под науч. ред. Блинова В. И., Дидактическая концепция цифрового профессионального образования и обучения – М.: 2020. – 98 с.

2 Ибраимкулов, А. Е., Еримбетова, А. С., Кубеков, Б. С. Роль Квест-технологии как инновационная форма взаимодействия между субъектами образовательного процесса // Абай атындағы ҚазҰПУ-нұ Хабаршысы «Педагогикағылымдары» сериясы. – №1(65). – 2020.

3 Соң, И. С. Мобильное обучение в изучении иностранных языков // Теория и практика образования в современном мире: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, май 2013 г.). – Санкт-Петербург: Реноме, 2013. – С. 164–167.

4 Пономарев, С. М., Пичугина, Л. Н. Использование приложений платформы андроид в преподавании астрономии // Педагогика : традиции и инновации : материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, декабрь 2013 г.). – Челябинск : Два комсомольца, 2013. – 222 с.

5 Шундалов, М. Б., Шупляк, И. В. Современные технологии преподавания астрономии в высшей школе / Цифровая гуманитаристика и технологии в образовании (DHTE 2021). – Издательство ФГБОУ ВО МГППУ, 2021. – 85–96 с.

6 Аствасатуров, Г. О., Кочегарова, Л. В. Технологии профессионального образования и обучения Эффективный урок в мультимедийной образовательной среде. – М. : Национальный книжный центр, ИФ«Сентябрь», 2015. – 176 с.

7 Stellarium Astronomy Software: [Electronic resource]. – URL: <https://stellarium.org/ru>

8 Майер, Р. В. Физикалық құбылыстарды компьютерлік модельдеу : Монография. – Көз : ГГПИ, 2009. – 112 б.

9 Курманова, Ф. Т. Использование Flash-технологий в образовательном процессе // Universum: психология и образование : электрон. научн. журн. – 2017. – № 5 (35).

10 Тверезовский, Д. И. Самоучитель Macromedia Flash MX. – М., 2004.

11 Бакулин, П. И., Кононович, Э. В., Мороз, В. И. Общий курс астрономии. – М. : Эдитор, 1983.

12 Түгелбаева, Г. Т. «Астрономия»// Оқулық. – Алматы : КазМемҚызыПУ, 2015. – С. 375.

13 Tugelbaeva, G. T., Kutkeldiyeva, E. O. Laboratory workshop on astronomy. – Almaty, 2019. – 156 б.

14 Дженнифер ДиХаан Анимация и спецэффекты в Macromedia Flash MX, 2004.

15 Чепмен, Н., Чепмен, Д. Цифровые графические инструменты, 2-е издание : Adobe Photoshop, Illustrator, Flash. – 2018.

## REFERENCES

1 Bilenko, P. N., Blinov, V. I., Dulinov, M. V., Esenina, E. Yu, Kondakov, A. M., Sergeev, I. S. Scientific redaction of Blinova V. I., Didakticheskaya koncepciya cifrovogo professionalnogo obrazovaniya i obucheniya [Didactical conception of digital professional education and teaching] – M., 2020. – P. 98.

2 Ibraimkulov, A. E., Yerimbetova, A. S., Kubekov, B. S. The role of Quest technology as an innovative form of interaction between the subjects of the educational process / Abay atyndagy KazUPU-2 Khabarshyssy «Pedagogy of gylymdary» seriyasy. – No. 1(65). – 2020.

3 Son, I. S. Mobilnoe obuchenie v izuchenii inostrannyh yazykov [Mobile learning on studying foreign languages] // Theory and practice of education in modern world: materials of III International scientific conference. – St. Peterburg : Renome, 2013. – P. 164–167.

4 Ponomarev, S. M., Pichugina, L. N. Ispolzovanie prilozhenij platformy android v prepodavaniii astronomii [Application of Andrid platform in teaching astronomy] // Pedagogika: traditions and innovation: materials of IV International. Scientific conference. – Chelyabinsk : Two komsomolses, 2013. – P. 222.

5 Shundalov, M. B., Shuplyak, I. V. Modern technologies of teaching astronomy in higher education / Digital humanities and technologies in education (DHTE 2021). FGBOU Publishing House in MGPPU, 2021. – 85–96 p.

6 Astvacaturov, G. O., Kochegarova, L. V. Tekhnologii professionalnogo obrazovaniya i obucheniya : Effektivnyi urok v multimedinoi obrazovatelnoi srede [Technologies of professional education and teaching: Effective lesson in multimedia education medium]. – Moscow : National booking center, 2015. – P. 176.

7 Stellarium Astronomy Software. [Electronic resource]. – URL: <https://stellarium.org/ru>

8 Mayer, R. V. Fizikalyk kubylystardy computerlik modeldeu : Monograph. – Koz : GGPI. – 2009. – 112 p.

- 9 **Kurmanova, F. T.** Ispolzovanie Flash-tehnologij v obrazovatelnom processe [Using Flash-technology in education process] // Universum : physcology and aeducation : electronic scientific journal. – 2017. – № 5 (35).
- 10 **Tverezovsky, D. I.** Tutorial Macromedia Flash MX. – Moscow, 2004.
- 11 **Bakulin, P. I., Kononovich, E. V., Moroz, V. I.** Obshchij kurs astronomii [Trining course of astronomy]. – Moscow : Editor, 1983.
- 12 **Tugelbaeva, G. T.** Astronomiya [Astronomy] // Action book. – Almaty : Kazakh national teacher training university, 2015. – P. 375.
- 13 **Tugelbaeva, G. T., Kutkeldiyeva, E. O.** Laboratory workshop on astronomy. – Almaty, 2019. – 156 б.
- 14 **Jennifer DiHaan** Animation and special effects in Macromedia Flash MX, 2004.
- 15 **Chapman, N., Chapman, D.** Digital Graphic Tools, 2nd edition : Adobe Photoshop, Illustrator, Flash. – 2018.

Материал 24.05.23 баспаға тұсті.

\**K. Tugelbaeva<sup>1</sup>, Г.Ә. Қаптағай<sup>2</sup>, Л.С. Байқадамова<sup>3</sup>, М. Жексенбі<sup>4</sup>, А. Алдабергенова<sup>5</sup>*

<sup>1,2,3,4,5</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 24.05.23.

## ИНТЕРАКТИВНАЯ ВИЗУАЛИЗАЦИЯ В ИЗУЧЕНИИ АСТРОНОМИЧЕСКИХ ЯВЛЕНИЙ

В статье рассмотрены проблемные вопросы создания интерактивной визуализации космического пространства с помощью мультимедийных технологий и программ с расширенными возможностями в обучении астрономии. Известно, что при изучении небесных тел приходится работать с объектами в пространстве, а это требует активизации трехмерного мышления, то есть мысленного преобразования объекта в трехмерную модель. В связи с этим возникает потребность в создании лабораторного практикума, позволяющего визуализировать особенности астрономических явлений с помощью мультимедийных технологий и изучать их в трехмерном пространстве с помощью компьютерных моделей.

Путем оценки особенностей популярных интерактивных онлайн-приложений Solar System Scope, Google Sky, Sky Safari, Speaking Image

и т.д. был проведен анализ и сформулирована эффективность их применения.

В статье методами мультимедийных технологий изучены закономерности движения и конфигурации планет, их взаимное расположение и относительные размеры по отношению к Солнцу. Авторы предлагают визуализированные лабораторные работы: «Подвижная карта звездного неба», «Затмение Солнца и Луны», «Приливы и отливы», «Модель планетной системы». При выполнении лабораторной работы «Модель планетной системы» на основе теоретических данных о планетах, можно доказать выполнение третьего закона Кеплера, путем расчета с помощью формулы и калькулятора и, расположенного в модели. Таким образом, в статье изложены методы интерактивной визуализации в изучении астрономических явлений на казахском языке.

**Ключевые слова:** мультимедийные технологии, планеты, звезды, визуализация, цифровое образование.

\**K. Tugelbayeva<sup>1</sup>, G. Kaptagay<sup>2</sup>, L. Baikadamova<sup>3</sup>, M. Zhexenbi<sup>4</sup>, A. Aldabergen<sup>5</sup>*

<sup>1,2,3,4,5</sup>Kazakh National Women's Teacher Training University, Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 24.05.23.

## INTERACTIVE VISUALIZATION ON THE STUDY OF ASTRONOMICAL PHENOMENA

The article considers problematic issues of creating interactive visualization of outer space using multimedia technologies and programs with advanced capabilities in teaching astronomy. It is known that when studying celestial bodies, it is necessary to work with objects in space, which requires the activation of three-dimensional thinking, that is, the mental transformation into a three-dimensional model. In this regard, there was a need to create a laboratory workshop that allows us to visualize the features of astronomical phenomena using multimedia technologies and study them in three-dimensional space using computer models.

By evaluating the capabilities of popular interactive online applications, an analysis of Solar System Scope, Google Sky, Sky Safari, Speaking Image, etc. was carried out and the effectiveness of their use was formulated.

